

АННОТАЦИЯ

диссертационной работы Саршаева Марата Амангалиевича на тему «Медико-организационные технологии совершенствования высокотехнологичной медицинской помощи пациентам с атеросклеротическим поражением сосудов головного мозга», представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D10101- «Общественное здравоохранение»

Актуальность исследования

Церебральный атеросклероз сосудов (ЦАС) играет ведущую роль в возникновении ряда заболеваний: острого нарушения мозгового кровообращения (ОНМК), хронической ишемии мозга (ХИМ), сосудистой деменции, васкулитов. Патогенетическая основа ЦАС заключается в формировании атеросклеротических бляшек в крупных и средних артериях головного мозга, что приводит к нарушению церебрального кровотока, гипоперфузии и ишемическим повреждениям нейронов.

По данным Всемирной организации здравоохранения и ряда эпидемиологических исследований, до 70-80 % ишемических инсультов ассоциированы с атеросклеротическим поражением мозговых сосудов. Кроме того, ЦАС является одним из ключевых факторов развития хронической церебральной ишемии, проявляющейся когнитивными нарушениями и постепенным снижением памяти и внимания, а также вторичной сосудистой деменции у пожилых пациентов.

Развитие атеросклеротического процесса ускоряется при наличии системных факторов риска – артериальной гипертензии, гиперлипидемии, сахарного диабета, ожирения и курения.

Ранняя диагностика и лечение атеросклеротических поражений церебральных сосудов способствуют предотвращению серьезных последствий.

В современной медицинской практике для лечения атеросклероза церебральных сосудов широко используются высокотехнологичные методы хирургического лечения, в частности эндоваскулярное стентирование, экстра-интракраниальный микрососудистый анастомоз и эндартерэктомия. Эндоваскулярное стентирование является методом установки стента внутри сосуда для устранения сужения просвета артерии. Экстра-интракраниальный микрососудистый анастомоз проводится как метод реваскуляризирующей операцией. Эндартерэктомия является методом с использованием открытого хирургического доступа для удаления атеросклеротической бляшки.

Однако на данный момент в Республике Казахстан существуют определенные проблемы, которые требуют немедленного решения для организации более эффективной помощи пациентам с атеросклерозом церебральных сосудов. В частности, необходимо создать централизованную базу данных пациентов, внедрить новые диагностические алгоритмы и разработать унифицированные системы оказания помощи таким пациентам. Кроме того, активно проводятся научные исследования по организации помощи, и важно отметить вклад коллег в изучение бремени одного из самых опасных заболеваний, связанных с атеросклерозом – инсультом.

Экономическое влияние последствий ЦАС остается по-прежнему огромным. Требуется не только понимание механизмов заболевания и профилактики, но и понимание принципов организации помощи на всех уровнях системы здравоохранения для того, чтобы разрабатывать руководства, клинические рекомендации и маршруты пациентов для более эффективного планирования и организации медицинской помощи.

Цель настоящего исследования – научно обосновать совершенствование организации высокотехнологичной медицинской помощи пациентам с атеросклеротическим поражением сосудов головного мозга на основе оценки факторов риска неблагоприятных исходов.

Задачи настоящего исследования:

1. Проанализировать международный и национальный опыт организации ВТМП при атеросклеротических поражениях сосудов головного мозга.
2. Проанализировать заболеваемость церебральным атеросклерозом и изучить ситуацию по оказанию высокотехнологичной медицинской помощи пациентам с данной патологией в Республике Казахстан.
3. Оценить медико-организационные барьеры маршрутизации пациентов и их влияние на уровень удовлетворённости организацией оказания высокотехнологичной медицинской помощи на основе анализа данных пациентов, пролеченных в НГ МЦ УДП РК.
4. Разработать прогностическую модель риска осложнений при стентировании стенозов, вследствие атеросклеротического поражения церебральных сосудов.
5. Разработать медико-организационные технологии, направленные на совершенствование алгоритмов маршрутизации пациентов с атеросклеротическим поражением церебральных сосудов.

Научная новизна исследования определяется следующими положениями:

1. Установлены закономерности динамики заболеваемости церебральным атеросклерозом за десятилетний период (2014–2023 гг.) с выявлением территориальных различий и факторов, влияющих на уровень высокотехнологичной медицинской помощи.
2. Определены региональные, демографические и управленческие особенности системы оказания высокотехнологичной медицинской помощи пациентам с атеросклеротическим поражением сосудов головного мозга на основе комплексного медико-организационного анализа.
3. Разработана предиктивная модель риска осложнений при распространённом атеросклеротическом поражении сосудов головного мозга и оперативного вмешательства, позволяющая персонализированно прогнозировать исходы лечения.
4. Научно обоснованы критерии отбора пациентов для оказания высокотехнологичной медицинской помощи и расширенные показания к эндоваскулярной реваскуляризации при интракраниальном атеросклеротическом стенозе, оптимизирован алгоритм лечения интракраниальных атеросклеротических поражений.

Теоретическая значимость исследования:

1. Теоретическая значимость исследования заключается в развитии научных представлений о медико-организационных основах и механизмах повышения эффективности высокотехнологичной медицинской помощи (ВТМП) при атеросклеротических поражениях сосудов головного мозга в современных условиях здравоохранения Республики Казахстан.
2. В работе обоснована концепция системного подхода к организации ВТМП, включающая взаимосвязь эпидемиологических, клинических и управленческих факторов, влияющих на доступность и результативность помощи. Сформированы положения, раскрывающие структуру и функциональные особенности многоуровневой модели оказания помощи пациентам с церебральным атеросклерозом.
3. Развитие получила теория интеграции предиктивной аналитики и персонализированного подхода в систему организации медицинской помощи, что расширяет существующие теоретические подходы к управлению качеством и прогнозированию исходов лечения при хронических неинфекционных заболеваниях.
4. Полученные результаты формируют теоретическую основу для дальнейших исследований в области медицинского менеджмента, стратегического планирования и внедрения инновационных технологий в сосудистую медицину, а также могут быть использованы при разработке образовательных программ по организации здравоохранения и общественному здоровью.

Практическая значимость работы

1. Разработанные в ходе исследования медико-организационные рекомендации и алгоритмы маршрутизации могут быть использованы для оптимизации процессов госпитализации, межуровневого взаимодействия и преемственности между этапами оказания помощи – от первичного звена до стационара и реабилитации.

2. Предложенная предиктивная модель риска осложнений, основанная на клинико-демографических и лабораторных показателях, имеет прикладное значение для клинической практики: она позволяет стратифицировать пациентов по степени риска, персонализировать тактику лечения и повысить эффективность профилактических мероприятий.

3. Результаты социологического опроса пациентов могут использоваться руководителями медицинских организаций и органов управления здравоохранением для совершенствования качества медицинских услуг, повышения информированности пациентов и развития пациент-ориентированных подходов.

4. Полученные выводы и практические предложения могут быть использованы при разработке нормативно-методических документов Министерства здравоохранения РК, в управленческой деятельности медицинских организаций и региональных департаментов здравоохранения, в образовательных программах по общественному здоровью и организации здравоохранения при подготовке специалистов медицинского профиля.

Положения, выносимые на защиту

1. Казахстан характеризуется ростом заболеваемости церебральным атеросклерозом за 2014–2023 гг. (с 358 до 511 на 100 тыс.), при этом выявлена выраженная региональная неоднородность с наибольшими показателями в индустриально развитых областях (Карагандинская, Улытау, Северо-Казахстанская), что предопределяет различия в доступности диагностики и ВТМП.

2. Предложенная предиктивная модель осложнений при распространённом церебральном атеросклерозе, основанная на клинико-демографических и лабораторных предикторах, позволяет стратифицировать пациентов по степени риска (низкий, умеренный, высокий), обеспечивающую клинически удобную оценку вероятности осложнений и поддержку принятия решений.

3. Выявлены различия в организации оказания ВТМП, обусловленные недостаточными информированием о госпитализации по ОСМС и информационно-коммуникационным сопровождением пациентов, логистическими трудностями для иногородних пациентов по сравнению с жителями города Алматы, что подтверждает необходимость стандартизации процессов маршрутизации пациентов при оказании высокотехнологичной медицинской помощи.

4. Разработанные медико-организационные технологии, направленные на совершенствование высокотехнологичной медицинской помощи, позволят повысить её доступность и качество для населения.

Апробация диссертации

Основные результаты диссертационного исследования были представлены на следующих конференциях:

1. VI Международный дискуссионный нейрокурс, 17-19 декабря, 2021г. Алматы, Казахстан.

2. World leading experts against stroke. «Third NEUROADDICTS COURSE» live neurovascular course in Almaty. Microsurgical bypass workshop: in tandem with endovascular strategy. VII international discussion neurocourse: neurology session. 16-18 декабря 2022г.

3. Международный научно-практический форум «Высокие технологии в современной хирургии», 17-18 мая 2023г. Казань, РФ.

4. Съезд Ассоциации эндоваскулярных нейрохирургов имени академика Ф.А. Сербиненко, 14 декабря, 2023г. Москва, РФ.

5. VIII Международный дискуссионный нейрокурс, 8-10 декабря, 2023г. Алматы, Казахстан.

Публикации по теме диссертации

– 3 статьи в издании, рекомендованном Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования;

– 2 статьи в изданиях, индексируемых в информационной системе Scopus:

Scopus CiteScore 5.2, процентиль 86% (Q1) в Journal of Clinical Medicine (2024) и Scopus CiteScore 5.6, процентиль 56%(Q2) в Brain Sciences (2025);

Личный вклад автора заключается в разработке теоретической и методологической программы исследования, организации и проведении исследования, непосредственном участии во всех этапах исследовательских работ, статистической обработке данных, написании разделов диссертации, интерпретации и обсуждений результатов, выводов и практических рекомендаций.

Объем и структура диссертации:

Диссертация изложена на 183 страницах, состоит из введения, 6 разделов, заключения, выводов, практических рекомендаций и приложений. Работа иллюстрирована 25 таблицами и 22 рисунками. Список литературы содержит 160 источников, из них 121 зарубежный и 39 отечественных.

Выводы:

1. Международные исследования свидетельствуют о высокой распространенности атеросклеротического поражения церебральных артерий: число инсультов в мире за последние 30 лет увеличилось на 50%, а частота причины интракраниальных стенозов варьирует от 5 до 50%, что отражает растущую потребность в сосудистых вмешательствах и высокотехнологичной медицинской помощи, при этом установлено, что наличие более 3 факторов риска (артериальная гипертензия, сахарный диабет, дислипидемия, курение, возраст >50 лет) увеличивает вероятность бессимптомного стеноза $\geq 50\%$ в 4–6 раз. Аналогичная картина наблюдается в Республике Казахстан.

2. В Республике Казахстан за 2014–2023 гг. отмечен рост общей заболеваемости ЦАС с 358,0 до 511,95 на 100 тыс. населения (среднегодовой прирост +5,56%; $p < 0,001$) при одновременном снижении первичной заболеваемости с 199,64 до 113,77 на 100 тыс. (–3,86%; $p = 0,0115$). Наиболее высокие показатели ВТМП зарегистрированы в г. Астана (20,02) и г. Алматы (11,88), что отражает концентрацию высокотехнологичной помощи и межрегиональную маршрутизацию пациентов. Число ВТМП увеличилось с 357 до 2385 ($p\text{-trend} < 0,001$), на фоне снижения количества госпитализации за исследуемый период ($r = -0,71$), что свидетельствует о трансформации системы помощи с акцентом на амбулаторное ведение и централизацию ВТМП.

3. Интегральная оценка доступности и организации ВТМП была статистически значимо выше у жителей г. Алматы ($8,7 \pm 0,64$ балла) по сравнению с пациентами из других регионов ($6,0 \pm 1,21$; $p < 0,001$) при наличии достоверных различий по всем оцениваемым доменам ($p < 0,001$). У иногородних пациентов чаще выявлялись барьеры, обусловленные недостаточными информированием о госпитализации по ОСМС и информационно-коммуникационным сопровождением пациентов, бюрократическими процедурами, логистическими трудностями, что указывает на необходимость стандартизации маршрутов и повышения доступности ВТМП.

4. Разработанная предиктивная модель риска осложнений при распространенном цереброваскулярном атеросклерозе, основанная на многофакторной логистической регрессии, показала статистическую значимость ($p = 0,027$) и удовлетворительную прогностическую

способность. Независимыми факторами риска осложнений являются курение ($OR \approx 2,7$), гиперхолестеринемия ($OR \approx 1,3$), ишемическая болезнь сердца ($OR \approx 4,9$) и сахарный диабет ($OR \approx 3,9$). Дополнительно установлено, что сахарный диабет является предиктором интраоперационных и ранних послеоперационных осложнений ($OR \approx 3,87$). Модель положена в основу алгоритма персонализированной маршрутизации и профилактики осложнений.

5. В ходе исследования установлено, что пациенты с атеросклеротическим поражением сосудов головного мозга при наличии совокупности факторов риска (3 и более) характеризуются высоким риском сосудистых осложнений, что обосновывает необходимость их приоритизации для проведения профилактики, направления на ВТМП, что в конечном итоге повлияет на своевременность оказания медицинской помощи, улучшению клинических исходов, снижению инвалидизации от осложнений.

Практические рекомендации:

1. Органам управления здравоохранением на региональном и республиканском уровнях рекомендуется внедрить систему мониторинга эффективности оказания ВТМП пациентам с церебральным атеросклерозом на основе интеграции данных ЕИСЗ с одновременным внедрением единых стандартов МКБ-кодирования и унифицированной системы статистической отчетности, обеспечивающих повышение обоснованности управленческих решений в части финансирования и материально-технического оснащения.

2. Руководителям медицинских организаций рекомендуется применять алгоритм маршрутизации и ведения пациентов с атеросклеротическим поражением сосудов головного мозга, включающего этапы раннего выявления, диагностики, выбора тактики лечения (стационарного или амбулаторного), метода лечения и последующего наблюдения, обеспечивающего преимущество медицинской помощи на всех уровнях — от ПМСП до этапа медицинской реабилитации.

3. Руководителям медицинских организаций рекомендуется обеспечивать доступность телемедицинских консилиумов и дистанционного консультирования, а врачам всех уровней — использовать данные технологии в клинической практике для пациентов из региональных стационаров в целях повышения доступности ВТМП и снижения барьеров при маршрутизации пациентов.

4. Врачам первичной медико-санитарной помощи рекомендуется использовать разработанную многофакторную модель прогнозирования риска осложнений у пациентов с бессимптомным церебральным атеросклерозом в целях стратификации по степени риска, оптимизации маршрутизации, ранней профилактики осложнений и своевременного направления на ВТМП.

5. Руководителям образовательных и научных медицинских организаций рекомендуется обеспечивать проведение регулярного междисциплинарного обучения врачей первичной медико-санитарной помощи, неврологов, нейрохирургов, сосудистых хирургов и интервенционных радиологов медицинских организаций (ПМСП, стационары, научные центры) по вопросам ранней диагностики, алгоритмов маршрутизации пациентов, профилактики осложнений, а также применения телемедицины и цифровых технологий мониторинга у пациентов с церебральным атеросклерозом.

**Саршаев Марат Амангалиевичтің 8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ұсынылған «Ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануы бар науқастарға
жоғары технологиялық медициналық көмекті жетілдірудің медициналық-
ұйымдастырушылық технологиялары»
тақырыбында диссертациялық жұмысының
АҢДАТПАСЫ**

Зерттеудің өзектілігі:

Ми қан тамырларының атеросклерозы бірқатар аурулардың дамуына жетекші рөл атқарады: жедел ми қан айналымының бұзылысы, созылмалы ми ишемиясы, тамырлық деменция, васкулиттер. Ми қан тамырларының атеросклерозының патогенетикалық негізі миының ірі және орташа артерияларында атеросклероздық бляшкалардың түзілуімен байланысты, бұл церебралды қан ағымының бұзылуына, гипоперфузияға және нейрондардың ишемиялық зақымдануына әкеледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және бірқатар эпидемиологиялық зерттеулердің мәліметтері бойынша, ишемиялық инсульттердің 70–80%-ға дейінгісі ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануына байланысты. Сонымен қатар ми қан тамырларының атеросклерозы – когнитивтік бұзылыстармен және есте сақтау мен назардың біртіндеп төмендеуімен көрінетін созылмалы ми ишемиясының, сондай-ақ егде жастағы науқастардағы екіншілік тамырлық деменцияның негізгі факторларының бірі.

Атеросклероз үдерісінің дамуы артериялық гипертензия, гиперлипидемия, қант диабеті, семіздік және темекі шегу сияқты жүйелік қауіп факторлары болған кезде жеделдейді. Ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануын ерте диагностикалау және емдеу ауыр салдардың алдын алуға ықпал етеді. Қазіргі медициналық практикасында ми қан тамырларының атеросклерозын емдеу үшін жоғары технологиялық хирургиялық әдістер кеңінен қолданылады, атап айтқанда эндоваскулярлық стенттеу, экстра-интракраниалдық микроқантамырлық анастомоз және эндартерэктомия. Эндоваскулярлық стенттеу – артерия саңылауының тарылуын жою мақсатында тамыр ішіне стент орнату әдісі. Экстра-интракраниалдық микроқантамырлық анастомоз ревааскуляризациялау операциясы ретінде жүргізіледі. Эндартерэктомия – атеросклероздық бляшканы ашық хирургиялық қолжетімділік арқылы алып тастау әдісі.

Алайда қазір Қазақстан Республикасында ми қан тамырларының атеросклерозы бар науқастарға тиімді көмек беру үшін жедел шешуді талап ететін бірқатар мәселе бар. Атап айтқанда науқастардың орталықтандырылған дерекқорын құру, жаңа диагностикалық алгоритмдерді енгізу және осындай науқастарға көмек көрсетудің бірыңғай жүйесін әзірлеу қажет. Сонымен қатар, көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша ғылыми зерттеулер белсенді түрде жүргізіліп жатыр және атеросклерозға байланысты ең қауіпті аурулардың бірі – инсульттің ауыртпалығын зерттеуде әріптестердің қосқан үлесін атап өткен жөн.

Ми қан тамырларының атеросклероз салдарының экономикалық әсері әлі де өте жоғары болып отыр. Аурудың механизмдерін және алдын алу шараларын түсінумен қатар денсаулық сақтау жүйесінің барлық деңгейлерінде көмекті ұйымдастыру қағидаларын түсіну қажет, бұл медициналық көмекті тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру үшін нұсқаулықтар, клиникалық ұсынымдар және науқастар маршрутын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты:

Осы зерттеудің мақсаты – қолайсыз нәтижелердің қауіп факторларын бағалау негізінде ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануы бар науқастарға жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруді ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануы кезінде жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастырудың халықаралық және ұлттық тәжірибесін талдау.

2. Церебралды атеросклероздың аурушандығын талдау және Қазақстан Республикасында осы патологиясы бар науқастарға жоғары технологиялық медициналық көмекті көрсету жағдайын зерттеу.

3. Науқастарды маршрутизациялау кезіндегі медициналық-ұйымдастырушылық кедергілерді және олардың жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастыруға қанағаттану деңгейіне әсерін ҚР Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығы Ұлттық госпиталінде емделген науқастардың деректерін талдау негізінде бағалау.

4. Ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануына байланысты стеноздарды стенттеу кезінде асқынулар қаупінің болжамдық моделін әзірлеу.

5. Ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануы бар науқастарды маршрутизациялау алгоритмдерін жетілдіруге бағытталған медициналық-ұйымдастырушылық технологияларды әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. 2014–2023 жылдар аралығында церебралды атеросклероз аурушандығы динамикасының заңдылықтары анықталып, аумақтық айырмашылықтар мен жоғары технологиялық медициналық көмектің деңгейіне әсер ететін факторлар айқындалды.

2. Кешенді медициналық-ұйымдастырушылық талдау негізінде ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануы бар науқастарға жоғары технологиялық медициналық көмекті көрсету жүйесінің аймақтық, демографиялық және басқарушылық ерекшеліктері анықталды.

3. Кең таралған цереброваскулярлық атеросклероз кезінде және хирургиялық араласу барысында асқынулар қаупінің болжамдық моделі әзірленді, бұл емнің нәтижелерін жекелендірілген түрде болжауға мүмкіндік береді.

4. Интракраниалды атеросклероздық стеноз кезінде эндоваскулярлық реваскуляризацияға көрсеткіштер кеңейтіліп, науқастарды іріктеу критерийлері ғылыми тұрғыдан негізделді және интракраниалдық атеросклероздық зақымдануларды емдеу алгоритмі оңтайландырылды.

Зерттеудің теориялық маңызы:

1. Зерттеудің теориялық маңызы Қазақстан Республикасының қазіргі денсаулық сақтау жағдайында ми қан тамырларының атеросклероздық зақымдануы кезінде жоғары технологиялық медициналық көмектің тиімділігін арттырудың медициналық-ұйымдастырушылық негіздері мен механизмдері туралы ғылыми түсініктерді дамыту болып табылады.

2. Жұмыста жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастырудың жүйелік тәсілінің тұжырымдамасы негізделген, оған көмектің қолжетімділігі мен нәтижесіне әсер ететін эпидемиологиялық, клиникалық және басқарушылық факторлардың өзара байланысы кіреді. Церебралды атеросклерозы бар науқастарға көмек көрсетудің көпдеңгейлі моделінің құрылымы мен функционалды ерекшеліктерін ашатын қағидалар қалыптастырылды.

3. Медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесіне болжамдық аналитика мен жекелендірілген тәсілді интеграциялау теориясы дамыды, бұл созылмалы инфекциялық емес аурулар кезіндегі сапаны басқару және ем нәтижелерін болжау бойынша қолданыстағы теориялық тәсілдерді кеңейтеді.

4. Алынған нәтижелер медициналық менеджмент, стратегиялық жоспарлау және тамыр медицинасында инновациялық технологияларды енгізу саласындағы әрі алдағы зерттеулер үшін теориялық негіз қалыптастырады, сондай-ақ денсаулық сақтауды ұйымдастыру және қоғамдық денсаулық сақтау бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.

Жұмыстың практикалық маңызы:

1. Зерттеу кезінде әзірленген медициналық-ұйымдастырушылық ұсынымдар мен маршрутизация алгоритмдері госпитализация үдерістерін, деңгейаралық өзара әрекеттесу мен көмек көрсетудің кезеңдері арасындағы сабақтастықты – бастапқы буыннан стационарға және оңалтуға дейін оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

2. Клиникалық-демографиялық және зертханалық көрсеткіштерге негізделген асқынулар қаупінің ұсынылған болжамдық моделі клиникалық практика үшін қолданбалы мәнге ие: ол науқастарды қауіп деңгейі бойынша стратификациялауға, ем тактикасын жекелендіруге және профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3. Науқастардың социологиялық сауалнамасының нәтижелері медициналық ұйымдардың басшылары мен денсаулық сақтау органдары тарапынан медициналық қызметтердің сапасын жетілдіру, науқастардың хабардарлығын арттыру және науқастарға бағдарланған тәсілдерді дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Алынған қорытындылар мен практикалық ұсыныстар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік-әдістемелік құжаттарын әзірлеу үшін, медициналық ұйымдардың және өңірлік денсаулық сақтау басқармаларының басқарушылық қызметі үшін, сондай-ақ медициналық кадрларды даярлау кезінде қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша білім беру бағдарламаларында пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазақстан Республикасында 2014–2023 жылдар арасында церебралды атеросклероз аурушандығының өсуі байқалады (100 000 тұрғынға шаққанда 358-ден 511-ге дейін), бұл ретте өнеркәсіптік дамыған өңірлерде (Қарағанды, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан облыстары) ең жоғары көрсеткіштермен айқын өңірлік әркелкілік анықталды, бұл диагностика мен жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігіндегі айырмашылықты айқындайды.

2. Клиникалық-демографиялық және зертханалық предикторларға негізделген кең таралған церебралды атеросклероз кезіндегі асқынулардың ұсынылған болжамдық моделі науқастарды қауіп деңгейі бойынша (төмен, орташа, жоғары) стратификациялауға мүмкіндік береді, бұл асқынулар ықтималдығын клиникалық тұрғыдан ыңғайлы бағалауды қамтамасыз етеді және шешім қабылдауды қолдайды.

3. Жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастыруда айырмашылықтар анықталды, олар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде госпитализация туралы ақпараттың жеткіліксіздігіне, науқастарды ақпараттық-коммуникациялық сүйемелдеудің әлсіздігіне, сондай-ақ Алматы қаласының тұрғындарымен салыстырғанда басқа өңірлерден келген науқастар үшін логистикалық қиындықтарға байланысты, бұл жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету кезінде науқастарды маршрутизациялау үдерістерін стандарттаудың қажетін растайды.

4. Жоғары технологиялық медициналық көмекті жетілдіруге бағытталған әзірленген медициналық-ұйымдастырушылық технологиялар оның халық үшін қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Диссертация нәтижелерінің апробациясы:

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері келесі ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды:

1. VI Халықаралық пікірталас нейрокурсы, 17–19 желтоқсан 2021 ж., Алматы, Қазақстан.

2. World leading experts against stroke. «Third NEUROADDICTS COURSE» – Алматы қаласында өткен тірі невроаскулярлық курс. Микрохирургиялық шунттау бойынша шеберлік сабағы: эндоваскулярлық стратегиямен қатар. VII халықаралық пікірталас нейрокурсы: неврология сессиясы. 16–18 желтоқсан 2022 ж.

3. «Заманауи хирургиядағы жоғары технологиялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық форум, 17–18 мамыр 2023 ж., Қазан, Ресей Федерациясы.

4. Академик Ф.А. Сербиненко атындағы эндоваскулярлық нейрохирургтар қауымдастығының съезі, 14 желтоқсан 2023 ж., Мәскеу, Ресей Федерациясы.

5. VIII Халықаралық пікірталас нейрокурсы, 8–10 желтоқсан 2023 ж., Алматы, Қазақстан.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

